

**Еш хабарландырусыз теледидардан фильм көрсетіледі.**

**1.Жүргізуші.**

Ұстаз деген – жарық күні ғаламның,  
Ұстаз деген – анасы ол адамның.  
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,  
Сен де одан адам болып жаралдың.

**2.Жүргізуші:**

Жақсы жандар жанымызда әрқашан  
Ұлағатты сөзін биік ұстаған  
Ардақты ұстаз асыл анаң секілді  
Тәрбиелейді балапандай жасыңнан

**1.Жүргізуші:**

- Қайырлы күн, құрметті біздің сүйікті ұстаздарымыз және «Айяна» бөбекжайының барлық қызметкерлері! Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Барлық қатысушылардың атынан сіздерді құттықтауға және шын жүректен қиын жұмыста табыс, шыдамдылық, денсаулық тілеуге рұқсат етіңіздер.

( Балалар музыкамен залға кіреді)

**Тақпақтар (Мад тобы ортаға Айжұлдыз,Хамза,Ботағоз бен Балбөбек ересек тобынан Әзімхан,Нұрлыгүл мен Сафияны шақырамыз)**

**Ән: “Ұстазымдарға қошемет”**

**Жүргізуші:** Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан, педагогтар қауымына, адал қызметкерлеріне ақ лебізін, жылы тілегін білдіру үшін құттықтау сөз кезегі "Айяна" жеке мектепке дейінгі мекемесінің кеңесшісі Менсулу Абилгазиевнаға беріледі.

Ортамызға келесі марапаттарды табыстау үшін,18 жыл ұстаздық қызметін атқарып келе жатырған педагог-модератор Адушева Алия Мұстахқызын шақырамыз.

**Ән: «Ұстазым» (барлық ұстаздар)**

**1. Жүргізуші:** Осымен,ұстаздар күніне арналған шағын іс-шарамыз аяқталды.Бәріңіздің қатысқандарыңызға алғыс білдіреміз.Ұстаздар күні құтты болсын!

“Айяна” жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

***“Ұстаз-ұлы тұлға!”***  
(мерекелік шара)

